

«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ»
КЕАҚ

БЕКІТЕМІН

Басқарма төрағасы-ректор,
профессор



М. Төлеген

(Басқарма отырысының хаттамасы
№ 11, 14.06.2022 ж.)

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ
НҰСҚАУЛЫҚ

ЖН ШҚУ 001-22

Бірінші басылым

№ _____

Енгізу күні

Өскемен қаласы
2022 ж.

2022 жылғы 14 маусым №10

	«Сәрсен Аманжолов университеті» КЕАҚ		Шығыс-Қазақстан	Келесі тексеру күні 2025 ж.
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық		ЖШ ШҚУ 001-22	2 бет 15 беттен

Мазмұны

1	Жалпы ережелер.....	3
2	Нормативтік сілтемелер.....	3
3	Белгілер мен қысқартулар.....	3
4	Негізгі ұғымдар.....	4
5	Оқытушылардың/қызметкерлердің негізгі іс-әрекеттері.....	5
6	Білім алушылардың негізгі іс-әрекеттері.....	7
7	Пара беру немесе болсалау жағдайындағы әрекеттер.....	9
8	Параны ұсыну немесе қорқытып алу не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға бейімдеудің өзге де жағдайлары туралы хабарлар ету жөніндегі іс-әрекеттер.....	9
9	Параны ұсыну немесе қорқытып алу не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға бейімдеудің өзге де әрекеттері туралы арыздың/хабарламаның түсуі бойынша іс-әрекеттер.....	10
10	Өзгерістер.....	10
11	Келісу, сақтау және тарату.....	11

	«Сәрсен Аманжолов университеті» КЕАҚ		Шығыс-Қазақстан	Келесі тексеру күні 2025 ж.
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық		ЖН ШҚУ 001-22	3 бет 15 беттен

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ-да (бұдан әрі - Университет) Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру мақсатында әзірленді.

1.2 Нұсқаулық Университет оқытушыларының/қызметкерлерінің және білім алушыларының сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты, Этика ережелерін, Ар-намыс кодексін мұлтіксіз сақтауға бағытталған іс-қимылдарын анықтайды.

1.3 Нұсқаулық мәтінімен Университеттің барлық оқытушылары /қызметкерлері және білім алушылары танысуы тиіс. Нұсқаулықтың ережелері еңбек ұжымдары мен академиялық топтардың жиналыстарында талқылануға тиіс.

2 Нормативтік сілтемелер

Нұсқаулық келесі нормативтік құжаттарды ескере отырып әзірленді: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы; «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы, «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ Жарғысы; 2020 жылғы 27 ақпандағы Өлеп ережелері; 2020 жылғы 31 желтоқсандағы Академиялық адалдық ережелері; 2019 жылғы 28 мамырдағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт.

3 Белгілер мен қысқартулар

СҚЖ - Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі;
СҚЖБӨ - Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі;

ШҚУ ҚР - Университеттің құжатталған рәсімі;
ХЫСЖАБ - Халықаралық ынтымақтастық стратегиясы және аккредиттеу бөлімі;

ҚЖББ - Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі;

ПЖҚБ - Персонал және құқықтық қолдау басқармасы;

ҚББ - Құрылымдық бөлімшенің басшысы;

ЖН ШҚУ - Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Университетінің жұмыс нұсқаулығы.

	«Сәрсен Аманжолов университеті» ЖЕАҚ	Шығыс-Қазақстан	Келесі тексеру күні 2025 ж.
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық	ЖН ШҚУ 001-22	4 бет 15 беттен

4 Негізгі ұғымдар

Осы Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

4.1 Пара - лауазымды адам қабылдайтын материалдық құндылықтар (заттар немесе ақша) немесе осы адам өзінің қызмет жағдайына байланысты жасай алатын немесе жасауы тиіс пара берушінің мүддесіндегі іс-әрекет (немесе керісінше әрекетсіздік) үшін қандай да бір мүлдік пайда немесе қызмет көрсету.

4.2 Қорқытып алу - мәжбүрлеу, жәбірленушінің еркіне ықпал ету арқылы заңсыз мүлдік пайда алу.

4.3 Пара алу - мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның жеке өзі немесе делдал арқылы пара берушінің немесе ол өкілдік ететін адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін өзі немесе басқа адамдар үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқық немесе мүлдік сипаттағы пайда түріндегі параны алуы, егер мұндай іс-әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіреді не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке), сол сияқты жалпы қамқорлыққа немесе жол берушілікке ықпал етуі мүмкін.

4.4 Мүдделер қақтығысы - қызметкердің жеке мүдделілігі (тікелей немесе жанама) оның лауазымдық міндеттерін тиісінше орындауына ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін және қызметкердің жеке мүдделілігі мен ұйымның заңды мүдделері арасында осы ұйымның заңды мүдделеріне, іскерлік беделіне зиян келтіруге қабілетті қайшылық туындайтын немесе туындауы мүмкін жағдай.

4.5 Сыбайлас жемқорлық - қызмет бабын теріс пайдалану, пара беру, пара алу, өклеттігінің теріс пайдалану, коммерциялық параға сатып алу не жеке тұлғаның өзінің лауазымдық жағдайын қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделеріне қайшы келіп, ақша, құндылықтар, өзге де мүлік немесе мүлдік сипаттағы қызметтер, өзі үшін немесе үшінші тұлғалар үшін өзге де мүлдік құқықтар түрінде пайда алу мақсатында өзге де заңсыз пайдалануы не басқа жеке тұлғалардың көрсетілген адамға мұндай пайданы заңсыз беруі.

4.6 Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік).

4.7 Парақорлыққа делдал болу - пара алушы мен пара берушіге олардың арасында пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізуге немесе оны іске асыруға ықпал ету.

4.8 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл - Университеттің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі қызметі.



	«Сәрсен Аманжолов университеті» ЖЕАҚ	Шығыс-Қазақстан	Келесі тексеру күні 2025 ж.
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық	ЖН ШҚУ 001-22	5 бет 15 беттен

5 Оқытушылардың/қызметкерлердің негізгі іс-әрекеттері

5.1 Университеттің тыныс-тіршілігі процесінде іске асырылатын қоғамдық қатынастарда жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде оқытушылар/қызметкерлер:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Нұсқаулықты басшылыққа алуға;
2) адал, әділ, қарапайым болуға, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, сыпайылық пен әдептілік танытуға;

3) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге;

4) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сыға себепкер болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға;

5) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға;

6) жасағаны үшін заңнамада тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылықтар мен теріс қылықтарды жасауға жол бермеуге;

7) еңбек заңнамасының орындалуын, еңбек режимі мен жағдайларының сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

5.2 Білім беру қызметтерін және өзге де рұқсат беру функцияларын көрсету кезінде:

1) тұрақты негізде қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдауға;

2) көрсетілетін қызметті алушыларға білім беру қызметтерін көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда толық және анық ақпарат ұсынуға;

3) көзделмеген құжаттарды талап етуге жол бермеуге, сол сияқты қызметтер мен өзге де рұқсат беру функцияларын көрсету барысында қағазбасталықтан (төрешілдіктен) барынша аулақ болуға;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеу кезінде басшылыққа баяндауға;

5) білім беру қызметтерін көрсету процесін тұрақты жетілдіруді, қызметтерді көрсету кезінде үнемділік пен тиімділікті қамтамасыз етуге міндетті.

5.3 Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға байланысты сатып алуды жүзеге асыру кезінде:

1) сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны онтайлы және тиімді жұмсауға;

	«Сәрсен Аманжолов университеті» ҚЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық	Шығыс-Қазақстан	Келесі тексеру күні 2025 ж. 6 бет 15 беттен
		ЖТН ШКУ 001-22	

2) заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беруге;

3) сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етуге;

4) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге;

5) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеуге міндетті.

5.4 Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

1) тікелей басшыға немесе компаенс-офицерге қызметтік міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысының, жеке мүдделіліктің туындағаны туралы, сыбайлас жемқорлық мінез-құлққа және сыйлықтар алуға көндіру туралы баяндауға;

2) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде әріптестердің, құрылымдық бөлімшелердің, Университеттің және өзге де тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

3) әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды адамларға лауазымдық өкілеттіктерді пайдалана отырып мүліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін сыйлықтар бермеуге және қызметтік емес қызметтер көрсетпеуге;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды алуға белсенділік танытуға;

5) өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері, сондай-ақ білім алушылардың білімін бағалауды бақылаудың әртүрлі нысандарының қорытындысы үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу туралы ректорға не компаенс-офицерге дереу баяндауға;

6) орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәнданғаны туралы ректорға не компаенс-офицерге жазбаша/ауызша нысанда дереу хабарлауға міндетті;

7) заңсыз кірістер алумен байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге көмек көрсетуден бас тартуға құқығы бар.

5.5 Ішкі нормативтік актілердің жобаларын дайындау кезінде:

1) нормативтік актілердің жобаларын дайындау мен талқылауға қатысты құрылымдық бөлімшелердің міндетті қатысуын қамтамасыз етуге;

2) нормативтік актілерде сыбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормаларды пайдаланбауға міндетті.

5.6 Университеттің оқытушылары мен қызметкерлерін іріктеу және орналастыру бойынша кадрлық жұмыстарды ұйымдастыру кезінде:

1) тағайындау материалдарын қараудың белгіленген мерзімдерін сақтауға;

2) Университетке жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерлерге жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіруға;



«Сәрсен Аманжолов университеті» ҚЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық	Шығыс-Қазақстан	Келесі тексеру күні 2025 ж. 7 бет 15 беттен
	ЖТН ШКУ 001-22	

3) кадрларды іріктеу кезінде заңнамасының талаптарын сақтауға;

4) оқытушылардың, қызметкерлердің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеуге;

5) жұмысқа кандидаттардан еңбек шартын жасасу үшін қатысы жоқ құжаттарды талап етпеуге;

6) Университет қызметкерлеріне қатысты қызметтік тексеруді объективті және жан-жақты жүргізуге міндетті.

5.7 Университет қызметінің өркешілігіне байланысты туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастарда:

1) қызметкерлердің лауазымдық өкілеттіктерінің міндеттері мен көлемін нақты айқындауға;

2) қарамағындағы қызметкерлер арасында еңбек/оқу жүктемесін біркелкі бөлмеуге жол бермеуге;

3) олардың қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік танытуға;

4) білім алушыларға, бағынысты қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамдық қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік, орынсыз мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге;

5) нақты орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеуге;

6) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбауға;

7) қарамағындағы қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеуге;

8) әріптестердің өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауы барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша түбегейлі шараларды уақтылы қабылдауға;

9) мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, қызметтік мақсатта Университеттің меншігін ұтымды, тиімді пайдалануға міндетті.

6 Білім алушылардың негізгі іс-әрекеттері

6.1 Білім алушының мінез-құлық моделі:

1) әрбір білім алушы осы Нұсқаулықтың нормаларын орындай отырып, Университеттің имиджі мен іскерлік беделін нығайтуға және жетілдіруге өз үлесін қосады;

2) білім алушы әдептіліктің, мәдениет пен моральдың үлгісі, өнегесіздік көріністеріне төзбеушілікті және жыныстық, ұлттық немесе діни белгісі бойынша кемсітушілік көріністеріне жол бермейді;

	«Сәрсен Аманжолов университеті» ҚЕАҚ	Шығыс-Қазақстан	Келесі тексеру күні 2025 ж.
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық	ЖН ШҚУ 001-22	8 бет 15 беттен

- 3) білім алушы Университеттің дәстүрлерін құрметтейді, оның мүлкін сақтайды, Университет жатақханаларындағы тазалық пен тәртіпті қадағалайды;
- 4) білім алушы сыбайлас жемқорлық пен паракорлықтың кез келген көріністеріне төзеушілік танытады;
- 5) білім алушы академиялық теріс пиғылдың барлық түрлерімен күресуді өзінің борышы деп санайды, оның ішінде: білімді бақылау рәсімдерінен өту кезінде көшіру және басқа тұлғаларға көмек көрсету; өз еңбегінің нәтижесі ретінде интернет-ресурстарды қоса алғанда, көлемі бойынша кез келген дайын оқу материалдарын (рефераттар, курстық, бақылау, дипломдық және басқа да жұмыстар) ұсыну жоғары баға алу үшін туыстық немесе қызметтік байланыстарды пайдалану; оқу сабақтарын дәлелсіз себептермен қатыспау, кешігу және өткізіп жіберу;
- 6) білім алушы академиялық жауапсыздықтың аталған барлық түрлерін сапалы және бәсекеге қабілетті білім алумен үйлесімсіз деп қарастырады.

6.2 Білім алушы біледі:

- 1) пара ұсынганы үшін де құқықтық жауапкершілік туындайды;
- 2) пара беруге әрекет жасағаны үшін құқықтық жауапкершілік туындайды;
- 3) пара беруге бірнеше адам (білім алушылар тобы), қатысса және «бәрі де, мен де» психологиясы нәтижесінде, пара берушілердің бірде-бірі қылмыстық жауаптылықтан босатылмайды;
- 4) егер осы Нұсқаулық нормаларын сақтамауға қатысты сұрақтар туындаса, білім алушы қолда бар байланыс арналары арқылы (ректор блогы, сенім телефоны, сенім жәшігі, комплаенс-офицердің телефоны, Open University) оларды деканға, басқарма төрағасы-ректорға немесе комплаенс-офицерге жолдайды;

5) сыбайлас жемқорлық жүріс-тұрысына бейім болған кезде білім алушы Университеттің ресми сайтындағы ректор блогына, compliance@alfarabi.kz электрондық мекенжайға, сондай-ақ, 87773477808 байланыс телефонға хабарлайды.

6.3 Білім алушының жол берілмейтін мінез-құлқының моделі:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Университет жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін, жатақханаларда тұру ережелерін және Университеттің басқа да нормативтік актілерін сақтамау;
- 2) мемлекеттік рәміздерін, ұлттық мөлденіетін, тарихы мен мемлекеттілігін, Университет дәстүрлерін құрметтемеу;
- 3) Қазақстан Республикасында тәртіпті тұрақсыздандыруға бағытталған акпаратты тарату, сондай-ақ санкцияланбаған жиналыстарға, митингілерге, демонстрацияларға, пикеттерге, акциялар мен шерулерге қатысу;
- 4) сабақтың барлық түрлеріне келмеу немесе кешігу;
- 5) Университет оқытушыларымен/қызметкерлерімен қарым-қатынаста субординацияны сақтамау;

	«Сәрсен Аманжолов университеті» ҚЕАҚ	Шығыс-Қазақстан	Келесі тексеру күні 2025 ж.
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық	ЖН ШҚУ 001-22	10 бет 15 беттен

- 2) ұсынылған (қорқытып алынған) параның сомасы мен сипаты кандай;
- 3) пара беру (қорқытып алу) ұсынысының нақты кандай әрекеттері (немесе әрекетсіздігі) үшін;
- 4) параны тікелей беру қай уақытта, қай жерде және қалай жүргізілуге тиіс.

9 Пара ұсыну немесе қорқытып алу не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға бейімдеудің өзге де әрекеттері туралы арыздың/хабарламаның түсуі бойынша іс-әрекеттер

9.1 Негізделген шешім қабылдау үшін арыздар/хабарламалар түскен сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде басқарма төрағасы–ректордың немесе комплаенс-офицердің бастамасы бойынша ұсынылған арыздың/хабарламаның толықтығын және шындыққа сәйкестігін тексеру мақсатында ректор бұйрығының негізінде қызметтік тексеру жүргізіледі.

9.2 Арыздар/хабарламалар журналда тіркеледі.

9.3 Алынған мәліметтердің құпиялылығы қамтамасыз етіледі.

9.4 Арызға/хабарламаға негіз болған фактілер расталған жағдайда, қызметтік тексеру материалдары Университеттің Тәртіптік-сыбайлас жемқорлыққа қарсы кеңесінің қарауына беріледі.

10 Өзгерістер

10.1 ЖН ШҚУ өзгерістер мен толықтырулар енгізу СІКЖБӨ рұқсаты бойынша жүзеге асырылады және өзгеріс туралы хабарлама түрінде оның қолы қойылып, құжат жүзінде ресімделеді. Өзгерту туралы хабарлама парағы белгіленген нысанға сәйкес ресімделеді және осы Е орналасқан барлық құрылымдық бөлімшелерге беріледі. Түпнұсқаға және есепке алынған көшірмелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу ШҚУ ҚР 001-20 талаптарына сәйкес жүргізіледі. Сақтауға берілген лауазымдық нұсқаулыққа өзгерістер туралы хабарламаны шығаруды әзірлеуші бөлімше ғана жүргізеді. ЖН ШҚУ өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағына міндетті түрде белгі қоя отырып, ҚББ енгізеді.

10.2 Түпнұсқаға және есепке алынған көшірмелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін ХЫСЖАБ бастығы және ҚББ жауапты болады;

10.3 ЖН ШҚУ тексеру кезеңділігін есепке алу парағындағы жазбаны міндетті түрде енгізе отырып, үш жылда бір реттен сиретпей қайта қаралады;

10.4 ЖН ШҚУ өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болып табылады:

- нормативтік құқықтық актілерге заң күші бар жанадан енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- Басқарма төрағасының-ректордың бұйрықтары;
- құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу;

	«Сәрсен Аманжолов университеті» КЕАҚ	Шығыс-Қазақстан	Келесі тексеру күні 2025 ж.
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық	ЖН ШҚУ 001-22	11 бет 15 беттен

- құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;
- түзетулерге рұқсат бере отырып, өзгерістер енгізу себептері көрсетілген ҚББ қызметтік жазбасы;
- 10.5 Ауыстырылған жағдайда университеттегі күші жойылған барлық ЖН даналары алынып, жанаасына ауыстырылуы тиіс;
- 10.6 Ескірген лауазымдық нұсқаулық ауыстыру және алу үшін ҚББ және ХЫСЖАБ жетекшісі жауап береді;
- 10.7 Күші жойылған ЖН күшін жою үшін негіздемесін, күнін, «Күшін жойды» деген жазуды жасаған адамның қолын көрсете отырып, «Күшін жойды» деген жазумен белгілейді және мұрағатқа орналастырады. Мұрағаттық құжаттар жұмыс үшін пайдаланылмайды.

11 Келісу, сақтау және тарату

11.1 Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес ЖН ШҚУ келісуді ҚББ жүзеге асырады.

11.2 ЖН ҚББ әзірлейді. ЖН-мен келісіледі:

- СІҚЖЖБӨ;
- ХЫСЖАБ жетекшісі;
- ҚҚБЖББ жетекшісі;
- ПжҚҚБ жетекшісі;
- заңгер кеңесшісі.

11.3 ЖН ШҚУ басқарма төрағасы-ректороммен бекітіледі және оның күші жойылғанға дейін өркет етеді.

11.4 ЖН ШҚУ түпнұсқасы ҚҚЖББ сақталады, оның сақталуына ҚҚЖББ жетекшісі жауапты болады.

11.5 ЖН ШҚУ есептік көшірмелерін таратуды ҚҚЖББ жүзеге асырады.

11.6 ЖН ШҚУ есептік көшірмесін бөлімшеде сақтағаны үшін жауапкершілік ҚББ жүктеледі.

ӘЗІРЛЕДІ:

Жетекші - комплаенс-офицер



Г.Т. Байрқенова

КЕЛІСІЛДІ:

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі



И.В. Ровнякова

Стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімінің жетекшісінің м.а.



Е.Ф. Курманов

Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің жетекшісі



А.К. Чудобаева

	«Сәрсен Аманжолов университеті» КЕАҚ	Шығыс-Қазақстан	Келесі тексеру күні 2025 ж.
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық	ЖН ШҚУ 001-22	12 бет 15 беттен

Персонал және құқықтық қолдау басқармасының жетекшісі



К.Р. Раисова

Заңгер-кеңесші



Д.М. Раева